

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1216 тіркелген "Жалпы білім беретін және мектепке дейінгі білім ұйымдарының қызметін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 10 шілдедегі N 708 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2002 жылғы 3 қазандағы N 713 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 22 қарашада тіркелді. Тіркеу N 2053. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 17.09.2013 № 375 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Жалпы білім беретін және мектепке дейінгі білім ұйымдарының қызметін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 10 шілдедегі N 708 бұйрығына (N 1216 тіркелген, толықтырулар енгізумен 2001 жылғы 20.07. N 595 бұйрығымен бекітілген, N 1632 тіркелген, "Шығармашылық педагогика" журналының 2000 жылғы қыркүйектегі N 4 жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының интернаттық білім беру ұйымдарының қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы ережелерде:

1-тармақ "ұйымдары" деген сөзден кейін "барлық түрі мен үлгідегі" деген сөздермен толықтырылсын;

3 - т а р м а қ т а :

3) тармақшада "кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі" деген сөздер "кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) жалпы білім беретін мектеп жанындағы интернат - тиісті жалпы білім беретін мектебі жоқ елді мекендерде тұратын балаларға орта білім алу құқын

қамтамасыз ететін, сондай-ақ аз қамсыздандырылған, көп балалы, қолайсыз отбасыларға балаларына жататын орын беріп, оларды оқыту мен тәрбиелеуде көмек беретін ұйым."

4-тармақтағы 1) тармақша "жолымен" деген сөзден кейін "өмір сүру, оқыту және тәрбиелеу үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақтағы "Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген жекеменшік , қоғамдық және діни кәсіпорындар" деген сөздер алынып тасталсын;

9-тармақ "ұйымының" деген сөзден кейін "осы ережедегі 3-тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген ұйымдардан басқа" деген сөздермен толықтырылсын ;

13-тармақтағы "алты жасқа дейін балаларды" деген сөздер алынып тасталсын;

25-тармақтағы "жарлықпен және" деген сөздер алынып тасталсын;

29 - т а р м а қ т а :

үшінші абзацтағы "интернаттық ұйымының кеңесі, қамқоршы кеңес, жалпы жиналыс, педагогикалық (әдістемелік) кеңес және басқа нысандар" деген сөздер "педагогикалық кеңес" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзац "ұйымының" деген сөзден кейін "(соның ішінде мектеп жанындағы интернатпен)" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Жалпы орта білім департаменті (Ж.А.Қараев) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік т і р к е у г е ұ с ы н с ы н .

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

4. Облыстық білім басқармаларының (департаменттерінің) бастықтары осы бұйрықты барлық білім беру ұйымдарының назарына жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Білім және ғылым вице-министрі К.Н.Шәмшидиноваға жүктелсін.

Министр